

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



Asian journal "STEPPE PANORAMA"



2025. 12 (2)

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025

© Авторлар ұжымы, 2025

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ)

Көксебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Қубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,
археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Коллектив авторов, 2025

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2025
© Group of authors, 2025

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 2, pp. 367-381, 2025
Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_2_367-381

GERZHOD'S CASE: THE UNREVEALED TRUTH

Amankul Azirbekova¹, Zhanat Abisheva^{2*}

¹Yasawi International Kazakh-Turkish University
(29, Sattarkhanov Str., 161200 Turkestan, Republic of Kazakhstan)
Doctoral student
 <https://orcid.org/0000-0002-6146-500X>. E-mail: doktor.amanda@mail.ru

²Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University
(62, Jenis Str., 010011 Astana, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, acting Associate Professor
 <https://orcid.org/0000-0003-1566-9500>. E-mail: zhanat_2511@mail.ru

*Corresponding Author

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
© Azirbekova A.J., Abisheva J.R., 2025

Abstract. *Introduction.* The article examines new trends and changes in domestic historical science that require a critical look at historical processes. One of the evidences of this will be a rethinking of the data obtained in the archives of recent years, establishing historical visions of historical justice. *Goal and objectives* of the study is to identify, on the basis of archival, written data and historical research, what terrorist methods, measures of intimidation, oppression and sanctions that took place as a result of the October Revolution, were inflicted irreparably on the national economy, demographic situation and gene pool of the Kazakh society. Obviously, although it is said that the first decade of Soviet power has been comprehensively studied, there are still questions that require research. *Results.* The article considers the influx of adventurers, criminals, random people, fugitives from captivity, from war, exiled diplomatic prisoners in the Kazakh steppe, who took advantage of the riots and scandals that occurred in the country from the first days of the revolution, and their impact on Kazakh society. They took advantage of the political situation in the country wisely, supported the provisional government on the one hand and the Bolsheviks on the other, and tried their best to come to power. Under the slogan “We have contributed to the freedom of the peoples of the East” they achieved success in relation to the peoples and continued the policy of military colonization of the tsar's time. *Conclusion.* In 1917–1919, I. governed the Perovsky district of the Syrdarya region, where he was famous for exterminating the local population, and was the chairman of the district executive committee. The activities and consequences of Gerzhod are defined. I. was called the “king of Perovsk”. The aim is to analyze the crimes and abuses committed by Gerzhod against the local population. Through the personality of Gerzhod, the image of the “Bolshevik cadres” of the first years of Soviet power is revealed. From the first days of taking power in the Perovsky district, unprecedented measures were taken to collect food and property from the population, impose taxes, arrests, punishments and executions. The tragic events in the Turkestan region are also considered in the works of M. Shokai and G. Safarov.

Keywords: February, October revolution, Soviet power, Perovsky district, Gerzhod, working masses, Kazakh people

For citation: Azirbekova A.J., Abisheva J.R. Gerzhod's case: the unrevealed truth // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 2. Pp. 367–381. (In Kaz.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_367-381

ГЕРЖОД ІСІ: АШЫЛМАҒАН АҚИҚАТ

Азирбекова Аманкуль Жорабековна¹, Абишева Жанат Рысбековна Абишева^{2*}

¹Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(29, Саттарханов көш., 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы)

Докторант

 <https://orcid.org/0000-0002-6146-500X>. E-mail: doktor.amanda@mail.ru

²С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
(62-үй, Жеңіс көш., 010011 Астана, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдас.проф.м.а

 <https://orcid.org/0000-0003-1566-9500>. E-mail: zhanat_2511@mail.ru

*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р., 2025

Аңдатпа. *Kipicne.* Отандық тарих ғылымындағы жаңалықтар мен өзгерістер тарихи үдерістерге сын көзбен қарауды талап етеді. Соңғы жылдары архив қойнауынан жарыққа шыққан деректерді сүзгіден өткізіп, тарихи әділдікті орнату соның бір дәлелі болмақ. 1917 жылы Ресейде орын алған қос революция қазақтардың өмірінің барлық саласына орасан зор ауыр зардабын тигізді. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері* – Сырдария облысының Перовск уездік атқару комитетінің төрағасы болған И. Гержодтың басшылығымен қазан революциясынан кейін өңірде орын алған жергілікті халықты жеке-дара билеуге әрекет жасауы, қорқыту, қысым жасау, жазалау шараларының ақиқаты, оның екі-үш жыл аралығындағы халыққа көрсеткен озбырлығы, қысқа уақыттағы тұрғылықты қазақ халқының демографиялық ахуалы мен генофондын орны толмас шығынға ұшыратқандығын архивтік, басқа да жазба деректер және тарихи зерттеулер негізінде сипаттау. Әлбетте, кеңестік биліктің алғашқы онжылдығы кешенді түрде зерттелді деп айтылғанмен де әлі де зерттеуді қажет ететін мәселелер бар. *Нәтижелер.* Мақалада қазан революциясының алғашқы күндерінен-ақ елде орын алған тәртіпсіздіктер мен келеңсіздіктерді пайдаланып, қазақ даласына авантюристер, қылмыскерлер, кездейсоқ адамдар, тұтқыннан, соғыстан қашқандар, жер аударылған саяси тұтқындар ағылып келуі, оның қазақ қоғамына ықпалы қарастырылады. Олар елдегі саяси жағдайды ұтымды пайдаланып, бір жағынан уақытша үкіметті, екінші жағынан большевиктерді қолдаған болып, мүмкіндігінше билікке келуге тырысты. «Шығыс халқына азаттық алып береміз» деген ұранмен жергілікті халыққа зорлық-зомбылық жасап, патша заманындағы әскери отарлау саясатын әрі қарай жалғастырды. *Қорытынды.* Авторлар 1917–1919 жылдары Сырдария облысының Перовск уезін жеке дара билеген, жергілікті халықты қырып жоюмен аты шыққан, уездік атқару комитетінің төрағасы болған И. Гержодтың қызметін зерттей отырып, оның іс-әрекетінің салдары мен озбырлығын архив құжаттары негізінде анықтады және сол кезеңнің тарихы экономикалық өзгерістер мен саяси оқиғалар арасындағы өзара іс-қимылдың күрделі динамикасын көрсетеді деген қорытындыға келді. «Перовск патшасы» атанған И. Гержодтың жергілікті халыққа жасаған қылмыстары мен қиянаты архив құжаттары негізінде талдау жасалып, оның тұлғасы арқылы кеңестік биліктің алғашқы жылдарындағы «кездейсоқ большевиктік кадрлардың» бейнесі ретінде көрсетілді. Билікті қолға алған алғашқы күндерден-ақ Перовск уезінде бұрын-соңды болмаған халықтан

күшпен азық-түлік, мал-мүлікті жинау, салық салу, «донос» арқылы қамау, жазалау, ату шаралары жүргізгендігі нақты дәйектермен негізделді. Мақалада талданған Түркістан өлкесіндегі келеңсіз жағдайлар М. Шоқай мен Г. Сафаровтың еңбектерінде де қарастырылған.

Түйін сөздер: Ақпан, уақытша үкімет, қазан революциясы, кеңестік билік, Сырдария облысы, Перовск уезі, Гержод, еңбекші бұқара, қазақ халқы

Дәйексөз үшін: Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р. Гержод ісі: ашылмаған ақиқат // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 2. 367–381 бб. (Қазақш.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_367-381

ДЕЛО ГЕРЖОДА: НЕРАСКРЫТАЯ ПРАВДА

Азирбекова Аманкуль Жорабековна¹, Абишева Жанат Рысбековна Абишева^{2}*

¹Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави
(д. 29, ул. Саттарханова, 161200 Туркестан, Республика Казахстан)

Докторант

 <https://orcid.org/0000-0002-6146-500X>. E-mail: doktor.amanda@mail.ru

²Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина
(д. 62, ул. Женис, 010011 Астана, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, и.о. ассиров. профессор

 <https://orcid.org/0000-0003-1566-9500>. E-mail: zhanat_2511@mail.ru

*Корреспондирующий автор

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р., 2025

Аннотация. *Введение.* В статье рассматриваются нововведения и изменения в отечественной исторической науке, требующие критического взгляда на исторические процессы. Одним из свидетельств этого станет переосмысление данных, полученных в архивах в последние годы, установление подлинного видения исторической справедливости. *Цель и задачи исследования* – описать на основе архивных, иных письменных данных и исторических исследований, что террористические методы, меры запугивания, притеснения и наказания, имевшие место в результате Октябрьской революции, нанесли непоправимый ущерб народному хозяйству, демографической ситуации и генофонду казахского общества. Очевидно, что хотя и говорится, что первое десятилетие советской власти всесторонне изучено, все еще остаются вопросы, требующие исследования. *Результаты.* В статье рассматривается приток авантюристов, преступников, случайных людей, беглецов из плена, от войны, ссыльных политических заключенных в казахскую степь, воспользовавшихся бунтами и скандалами, произошедшими в стране с первых дней революции, и их влиянием на казахское общество. Они рационально использовали политическую ситуацию в стране, поддерживали Временное правительство с одной стороны и большевиков с другой, и максимально старались прийти к власти. Под лозунгом «Мы принесём свободу народам Востока» они совершали насилие над местным населением и продолжали политику военной колонизации времен царя. *Заключение.* В 1917–1919 гг. И. управлял Перовским уездом Сырдарьинской области, при этом он славился истреблением местного населения, был председателем райисполкома. Определены деятельность и последствия Гержода. И. называли «королем Перовска». Целью является анализ преступлений и злоупотреблений, совершаемых Гержодом в отношении местного населения. Через личность Гержода раскрывается образ «большевистских кадров» первых лет советской власти. С первых дней взятия власти в Перовском уезде были приняты беспрецедентные меры по сбору продовольствия и имущества у населения, обложению налогами, арестам, наказаниям и расстрелам. Трагические события в Туркестанском крае рассмотрены также в трудах М. Шокая и Г. Сафарова.

Ключевые слова: Февральская, Октябрьская революции, Советская власть, Перовский уезд, Гержод, трудовые массы, казахский народ
Для цитирования: Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р. Дело Гержода: нераскрытая правда // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 2. С. 367–381. (На Каз.).
 DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_367-381

Кіріспе

Туған өлке тарихын зерттеу қай кезеңде болмасын өзекті болып табылады. Себебі өлке тарихына қатысты деректер ауызша тарих айту дәстүрі арқылы атадан балаға естеліктер арқылы жетіп, бұрын-соңды жарияланбаған құнды мәліметтерді ғылыми айналымға қосуға болады.

Қазақ халқының тарихында зерттелмеген, ғалымдардың назарынан күні бүгінге дейін тыс қалған тақырыптардың бірі – кеңестік биліктің алғашқы жылдарындағы өлкедегі саяси жағдайды өз пайдасына шешіп, билік басына кездейсоқ келген адамдардың тарихы. Қос төңкеріс аралығындағы елде орын алған тәртіпсіздіктер мен саяси оқиғалар барысында тарих сахнасына И. Гержод секілді алаяқ «жалған революционер» шықты. Сыр өңірінде И. Гержодтың аты жауыздығымен, қазақ халқына деген өшпенділігімен аңыз болып қалған. Небәрі екі жыл, яғни 1917–1919 жылдары уезді басқарған кезінде Сыр өңірі халқына жасаған қатігездігі үшін халық оны «Кәріжұт» деп атап кеткен.

Перовскіде кеңестік билігі орнаған алғашқы жылдардағы өңірдегі қоғамдық-саяси үдерістерге талдау жасағанда, И. Гержодтың жеке басы мен оның қызметі назардан тыс қалған мәселелердің бірі болды. Оның себебі, біріншіден, Гержодтың сепаратизмінен мезгі болған Ташкент совдепі 1919 жылы қараша айында оған қарсы әскер жіберді. Алаяқ революционер Гержод күзетпен Ташкентке жеткізіліп, түрмеге қамалды. Кейіннен оны 1920 жылы Ташкент ревтрибуналы ату жазасына кескен. Алайда Гержодтың Мәскеудегі таныстары арқылы жазасы жеңілдеп, 10 жылға сотталып, мерзімін өтеу орны Иркутскіге айдалған. Екіншіден, Гержодтың қазақ халқына көрсеткен қиянаты мен жауыздығының шектен шыққандығы соншалықты, қазақтардың көпшілігі өздерінің тұрғылықты жерінен үдере көшуге мәжбүр болған. Сөйтіп кеңестік билік Гержод басқарған жылдардағы Перовск уезіндегі келеңсіз құбылыстарды, жаңа биліктің қазақ халқына жасаған қысымы мен асыра сілтеу саясатын айналып өтуге тырысты. Себебі, бір жағынан Қазан революциясының арқасында еңбекші бұқара жарқын болашаққа қол жеткізді деген аңызды орнықтыру болса, екінші жағынан халықтың қаны мен көз жасының арқасында үкімет басына келген большевиктердің қылмысын жасыру болды. Әлбетте, Ғылыми мақаланы жазу барысында архив құжаттарына, жарияланған жазба деректеріне, баспасөз мәліметтеріне сүйендік. «Гержод ісі» деген істі талдау төңкерістен кейінгі саяси ахуалды түсінуге, XX ғасырдың 30-жылдарындағы қазақ даласындағы қолдан жасалған ашаршылықтың бастауы 1917 жылы И. Гержод заманынан басталғанын ұғынуға негіз болады.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері

Ғылыми мақаланы жазу барысында архив құжаттарына, жарияланған жазба деректеріне, баспасөз мәліметтеріне сүйендік. Сондай-ақ архив деректерін, құжаттар жинақтарын саралауға негізделіп дайындалды. Негізгі дереккөздер ретінде Қазақстан Республикасы Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің құжаттары пайдаланылды. Мәселені зерделеуде облыстық архив қорларындағы Гержодтың Перовск уездік совдепінің төрағасы қызметін атқарған жылдары жеке қарулы отрядының көмегімен уезд халқына жасаған қылмысы мен зұлымдығына қатысты деректерді үш топқа бөліп қарастырдық. Бірінші, Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің қорындағы материалдар, 1-қорда Қызылорда уездік-қалалық атқару комитетінің қаулылары, ауылдар мен болыстардағы ауқатты адамдар туралы, қамалғандарды мерзімінен бұрын босату туралы, Перовскідегі еңбекпен түзеу орындарындағы қамалғандардың тізімі, аштықтың салдарын жоюға қатысты комиссияның жұмыстарына қатысты мәліметтер сақталған.

268-қорда Қызылорда облыстық кәсіптік кеңестің құжаттары сақталған. Атап айтар болсақ, хаттамалар, қаулы, қарарлар және т.б. құжаттардан құралған деректер жинақталған.

Екінші, Гержодқа қатысты деректерді Қазан революциясына қатысқан большевиктердің бірі Георгий Сафаровтың «Колониальная революция» (Сафаров, 1996: 269) еңбегінде Гержод және оған тікелей бағынатын «Жлобиндік» полкке қатысты материалдар берілген. Сонымен қатар М. Шоқайдың (Шоқай, 1992: 159) еңбегінде де 1917 жылғы Түркістан өлкесіндегі саяси ахуал мен жергілікті халықтың шағымдарын тексеру үшін Ақмешітке сапарына қатысты мәліметтер келтірілген.

Үшінші дерек, естеліктер 1957 жылы Қазан төңкерісінің 40 жылдығына орай Қызылорда қаласынан «Борьба за Советскую власть» (Усербаев и т.д., 1957: 125) естеліктер жинағы жарыққа шықты. Аталмыш еңбекте облыс территориясында Қазан төңкерісіне және азамат соғысына қатысқандардың естеліктері жарияланған.

Зерттеу жұмысын жазу барысында тәуелсіздіктен кейінгі жылдары жарыққа шыққан Отандық ғалымдардың еңбектері қаралып, тарихнамалық талдау жасалды.

Аталмыш мақаланы жазу барысында тарихилық принципіне негізделген тарихи үдерістерді талдау әдісі басшылыққа алынды. «Гержод ісі» мәселесінің пайда болуы мен барысын, қорытындысын зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы өлкедегі төңкерістен кейінгі саяси жағдайды объективті түрде бағалауға негіз бар. Сонымен қатар жан-жақтылық, жүйелеу әдістері де қолданылды.

Мақалада осындай деректерді зерделеу негізінде генерал-губернатор институтының белгілері мен ерекшеліктерін ашып көрсетуге әрекет жасалды.

Методологиялық тәсілдер ретінде тарихи зерттеудің диалектикалық тәсілдерімен тығыз байланыстағы тарихилық, объективтілік принциптер басшылыққа алынды. Мәселеге қатысты тарихи зерттеулердегі деректерді, мәліметтерді салыстыру, талдау, сипаттау, баяндау әдістері қолданылды.

Талқылау

Тақырыптың тарихнамалық деректері алға қойған мақсатқа сай екі топқа топтастырамыз. Тарихи әдебиеттерде Ресейдегі қос революция тек еуропалық аймақтарда ғана емес, Түркістан өлкесінде де түбірлі өзгерістерге алып келді. XX ғасырдың бас кезіндегі өлкедегі саяси ахуал мен саяси үдерістердің барысы туралы бірқатар зерттеулер жазылды. Тарихнамалық зерттеу тұрғысынан қарастырсақ оларды кеңестік және тәуелсіздік жылдарындағы зерттеулер деп екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Кеңестік кезеңдегі зерттеушілер «Кеңес үкіметінің Қазақстанда орнауы мен оның ерекшеліктері» тақырыбын идеологиялық асыра сілтеу сарынымен бірнеше рет жазып, том том еңбектер шығарды. Біз тәуелсіздіктен кейінгі жылдарда кеңестік жүйенің орнығуы мен қалыптасуындағы әсіресе, Перовск уезіндегі кеңестік биліктің орнау ерекшелігіне басты назарды аударамыз. Әлбетте, Қазақстан тарихының 1917 жылдан басталатын кезеңі оқулықтарда күні бүгінге дейін кеңестік идеологиялық сарынымен берілгендігін де жоққа шығара алмаймыз.

Перовск уезіндегі кеңес үкіметінің ешбір шығынсыз, қантөгіссіз большевиктердің қолына өту мәселесі Түркістан өлкесінің тарихын оқытуда ғана емес, империялық саясаттың жергілікті халыққа көзқарасын зерттеуде де қарастырылды.

Ең алғашқылардың бірі болып аталмыш мәселенің өзектілігіне назар аударған Мұстафа Шоқай «Түркістанның қилы тағдыры» еңбегінде «Перовскіде (қазіргі Қызылорда) өзі би, өзі қожа Гержот отыр. Одан тұтастай халық-қырғыздар (қазақтар) үдере көшкен. Осы басқыншылықта бір миллионға жуық адам өлген. Мұның қайда жазылғанын білесіз бе? «Капиталистік Францияның газеттері» осылай жазады деп ойлап қалмаңыз, Мазони мырза. Жоқ. Бұл сіздер үшін қалтықсыз шындықты жазатындай көрінетін мәскеулік «Правданың» 1920 жылғы 20 маусымдағы 133-номерінде жарияланған» (Шоқай-оглы, 1993: 29), - деп атап көрсетіп, кеңестік биліктің алғашқы жылдарындағы тек Перовск уезі ғана емес, тұтас бір ұлттың мүшкіл жағдайынан хабар береді.

Патша заманы мен төңкерістен кейінгі өлкедегі әлеуметтік-экономикалық жағдай, қазақтардың тұрмысы, асыра сілтеушілік пен азамат соғысы және түрлі тақырыптардың жекелеген мәселелерін қамтитын бірқатар еңбектер бар. Олардың бір бөлігі мерзімді басылымда жарияланды. Қарастырып отырған кезеңнің тарихнамасының бір ерекшелігі елдегі қоғамдық-саяси үдерістер туралы басылымдарға «жаңа жүйенің» қазақ үшін алда қандай қиындықтардың күтіп тұрғанын астарлап жеткізетін материалдардың болуы еді.

1920 жылы «Ақ жол» газетінің бетінде «Гержодтың ылаңы» (Есенқарақызы, 2011: 163–173) атты мақала жарияланды. Ескерген деген бүркеншік атпен жарияланған мақала авторының 1917–1918 жылдардағы Ақмешіт уезіндегі жағдайды жан-жақты баяндауы ерекше қызығушылықты туғызады.

Отандық зерттеушілердің ішінде О. Қоңыратбаевтың еңбектері 1917–1919 жылдары Перовск уезін басқарған И. Гержод бастаған большевиктердің Сыр бойы қазақтарына жасаған жауыздық істері, қолдан жасаған аштық пен індет зұлматтары қарастырылған (Қоңыратбаев, 1991: 53–57). Б. Аяғанның мақаласы 1917 жылғы қазан төңкерісінің кейінгі Перовск уезіндегі саяси ахуал мен Гержодтың XX ғасырдың 60-жылдары Қызылорда сапарына шолу жасауға арналған (Аяған, 2007: 4).

XX ғасырдың бас кезіндегі саяси оқиғалардың ушығуы нәтижесінде қазақ жеріне шыққан тегі күмәнді, алаяқтар ағылып келе бастады. Халықты тонау арқылы жеке мүддесін ойлаған Гержод және оның айналасындағылардың әрекеті журналист Т. Дайрабайдың еңбегінде баяндалған (Дайрабай, 2009: 352).

Белгілі өлкетанушы С. Жүсіп ең алғашқылардың бірі болып Гержодтың қолжазбасы мен оның басқарған жылдарындағы Перовск уездіндегі асыра сілтеушіліктің қасіреті жайлы қалам тартты (Жүсіп, 2009: 360). Автор И. Гержодтың «Соңғы парад» атты қолжазбасына қатысты тың мәліметтер беріп, «Гержод ылаңы» жылдарындағы өлкедегі ахуалға тоқталып, Гержодтың қылмысын дәлелдейтін фактілерді, яғни, естеліктерді, әңгімелерді келтіреді. Тарихи фактілерге негізделіп баяндалған еңбекте атадан балаға мұра болып келе жатқан ауызша тарихты айту дәстүрі негізіндегі бірқатар көркем және аңыз әңгімелер берілген.

Сонымен, тарихнамалық талдау барысында байқағанымыз, мақалада көтеріліп отырған мәселе толықтай зерттелмеген, оның әлі де болса ашылмаған қыр-сыры және ғылыми айналымға түспеген құжаттар баршылық.

Зерттеу нәтижелері

Қазақ даласындағы ашаршылық жайлы сөз болғанда, оны жиырмасыншы жылдардың аяғындағы күшпен тәркілеу, ұжымдастырумен, отырықшыландырумен байланыстыра айтады. Шындығында қазақ даласына ашаршылық большевиктердің билік басына келген күндерінен басталды. Кеңестік биліктің шынайы бейнесіне 1917–1919 жылдары Перовск совдепінің төрағасы болған Иосиф Гержодтың кезіндегі қанды қырғын айқын дәлел бола алады. Гержод уезді басқарған небәрі екі жылдың ішінде уезд халқының тұрмыстық жағдайы нашарлап, қазақтарға қиянат көрсетіп, мал саны күрт азайып, ашаршылық жайлап, жазықсыз мыңдаған адамдарды сотсыз, тергеусіз аттырған. Майдан үшін, соғысқа кеткен әскерлердің отбасын қамқорлыққа алу, теміржол жұмысын тоқтатпау деген сылтаумен қазақтың малын, астығын тартып алып, реквизиция жұмыстарын жүргізген. Астыққа айырбастаймыз деген желеумен қазақтардың өрік-мейізін, мата-жүндерін жинап алып, ол үшін ақы да төлемеген.

Бір айта кететін мәселе, Иосиф Гержод революция кезіндегі тарихи аласапыран толқынына кездейсоқ келген адам. Перовскіге 1914 жылы келген ол пошта қызметкері болып жұмыс жасап жүріп, аяқ астынан билік басына шыға келген. Елдегі тап күресі, революциялық жағдай кезінде «үйез съезі болып, исполкомға председатель Хүсейн Ибрагимов, оған серіктікке поштахана чиновнигі Гержод сайланған. Міне, Гержодтың ең алғаш пайда болатын жері. Председатель серігі болып жүріп, Хүсейн Ташкент кетіп қалған уақытта, орнына Гержод председатель болып қалып, сол бойынша орнын берместен Ақмешіт уезінің түпкілікті председателі болып, съездерде, сайлауларда түспестен абақтыға жабыларда орнынан бір-ақ түскен» (Есенқарақызы, 2011: 165). Ешбір кедергісіз билікке келген ол пошта, қазынашылық,

телеграф сияқты қаланың маңызды орындарын қолына алып, Уақытша үкіметтің құрылымдарымен, әскерилермен, тұтқындармен тез тіл табысып, милиция мен полк солдаттарын жеке күзетіне айналдырып, тек өзіне ғана бағынатын, жеке басқаратын шағын мемлекет құрмақ болған ба деген ой келеді.

И. Гержод билік қолына тигеннен кейін уезд халқының тұрмыстық жағдайы қиындап, жазықсыз мыңдаған адамдарды қамаған, аттыруға үкім шығарған. Зорлық көрген қазақтардан көптеген арыз-шағым түскен соң оны бірнеше рет Ташкентке шақырған. Алайда Гержод олардың ешқайсысына бармаған. Ол съездерге, мәжілістерге барған кезде қасына қарулы отряд ертіп баратын болған.

«Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде Перовск уездік атқару комитеті төрағасының орынбасары болып қазан төңкерісіне дейін қызмет жасаған. «Қазан төңкерісінен кейін уездік атқару комитетінің төрағасы қармақшылық, уездік басқарманың бұрынғы тілмашы Ералы Қасымов болды. Үш айдан кейін оның орнына ақмешіттік адвокат Күсейін Ибрагимов тағайындалған. Оның орнына большевик Гержод отырды», - деп жазады белгілі тарихшылар Т. Хазірет пен А. Қабыл (Тұрсұн, Қабыл, 2022: 393).

Архив қорында Гержодтың арнайы жеке қарулы отрядының болғандығы және оның тонаумен, қырып-жоюмен айналысқандығы туралы деректер кездесті. 1917 жылдың 14 қарашасында полк адъютантының қолымен (фамилиясы көрсетілмеген) Перовск совдепіне жазылған қатынаста «Астық тиелген 22-і және 8-і поездарды тәркілеу жөніндегі Совдептің қатынасына байланысты азық-түлік комитетінің қарамағына жіберілетін 5 солдатты қандай уақытқа жіберетінімді айтыңыз» (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 3-іс, 40-п.), - деп көрсетілген.

«Жлобиндіктер» деп аталатын Перовскіде орналасқан, тек қана Гержодқа бағынатын арнайы полктің солдаттары жергілікті халыққа білгенін істеп, зорлық-зомбылық жасаған. Солдаттардың басынғандығы сондай, олар қалалық милиционерлердің өзін адам санатына алмаған. Перовск қалалық милициясының комиссары Эрфурт 1918 жылдың 20 қарашасында Перовск атқару комитетіне жазған мәлімдемесінде «Красноармейцы следующих на Оренбургский фронт эшелонов Жлобинского полка являются в город то тут, то там целыми взводами, вооруженными револьверами, винтовками и шашками, производят всякие бесчинства вплоть до нападения и ограбления мирных жителей. В то же время они выражают, не стесняясь враждебные свои отношения к блюстителям общественного порядка и тишины, милиционеров и потрулям. ... 4 дня тому назад в закоулке около Советского базара 9-ю вооруженными револьверами жлобинцами было произведено ночное открытое нападение на 8 киргиз и одного уездного милиционера с ограблением означенных киргиз на 3900 рублей. Сегодня же милиционеры Овсянников и Михневич, ведших как раз арестантов в камеру мирового судьи были остановлены бандой таких вооруженных винтовками бандитов с приказанием немедленно пустить арестантов и снять свои шашки. Сегодня же в 3 часа дня одним из жлобинцев был произведен выстрел из нагана в киргиза, торгующего дынями, причем в панике разбежался весь базар, когда же верховой милиционер пустился вслед за производившим выстрел жлобинцем, спокойно шедшим с целой оравой по направлению к вокзалу, то в него было произведено еще несколько выстрелов из револьверов. Я мог бы без конца перечислить такие мерзкие выходки со стороны жлобинцев, но не позволяет ни времени, ни терпенье» (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 2-іс, 17-п.), - деп баяндады. Аталмыш мәлімдемені Гержод хатшы С. Миреевке жібереді. Ол «Қаперге алынсын» деген бұрыштама қоюмен ғана шектелген (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 2-іс, 17-п.).

Гержод жайлы Қазақ революциясына қатысқан Г. Сафаров та «Перовскіде Литва княздарының ұрпағы, «жолдас» Гержод басшы болып отырды. Өзінің «көркем сұмдықтары» үшін Түркістан майданының ревтрибуналының үкімімен ату жазасына кесілген болатын. Сол қылмыстардың нәтижесінде мыңдаған, он мыңдаған қырғыздар өмірімен қоштасты» (Сафаров, 1996: 157), - деп айта келе өлкені отарлаудағы кеңестік биліктің асыра сілтеулері мен қысымына тоқталып өтті.

Егер де тарихқа үңілер болсақ, қазақты қырып-жою, қазақ байларының малын тартып алу, алым-салықты үстемелеу арқылы қазақты тентіретіп жіберу, күштеп отырықшыландыру

арқылы қазақты жою саясаты 1917 жылғы қазан төңкерісінен бастау алатыны ақиқат. Осы саясатты Иосиф Гержод 1917 жылдың аяғында уезд басшылығына келген күннен бастап жүргізді. Қызылорда облыстық архивінде Гержодтың қандықол саясатын дәлелдейтін бірқатар құжаттар кездесті. 1918 жылдың 1 сәуірінде Перовск совдепінің қаулысымен бекітілген Кеңтүп болысы (қазіргі Сырдария ауданының Қоғалыкөл ауылы жанында орналасқан) бойынша бағалау комиссиясының есебі шықты (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 30-іс, 1-п.). Үш адамнан тұратын мүлікті бағалау және есепке алу комиссиясы (біреуі аудармашы) бір айға жетпейтін уақытта әр ауылдағы байлардың тізімін жасап, олардың малы, дүние-мүлкінің көлемін анықтады. Кеңтүп болысының шағын ғана қазақ ауылдарынан 50-ге жуық бай адамдардың тізімі берілді (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 39-іс, 43, 52-п.). Бағалау комиссиясының мүшелері Шпедт, Пашкевичтің ағымдағы жылдың 10 наурызында қол қоюымен акт жасалып, салықты сол аралықта жинап алды. Салықты толық төлей алмаған адамдардан төлейтін уақытын көрсетіп қолхат жаздырып алды. Мәселен, Кеңтүп болысының 7-ші ауылының азаматы Ихан Майкин бағалау комиссиясына беруге тиісті 2000 сомның 300 сомын беріп, қалған 1700 сомды ағымдағы жылдың 20 наурызында тапсыруға міндеттелді (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 39-іс, 52-п.). Тізімдегі байлардың барлығына 1000 сомнан 5000 сомға дейін салық салды. Егер де төлей алмаған жағдайда дүние-мүлкінен айырылып, түрмеге қамалатындығы ескертілді (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 16-іс, 4-п.). Салықтың халыққа ауыр тигендігін мынадан байқауға болады. Сол жылдары Кеңтүп болысында 7 ауыл (№ 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8-і ауылдар) болған. Халық саны – 1952 адам (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 24-іс, 2-п.). Екі мыңға жетпейтін халыққа 150 мыңдай сом салық салынған. Рубльдің сол кездегі бағасына келетін болсақ, уезд басшылары қара жұмыс істейтін қазақтарға күніне 1 рубль, еуропалықтарға 5-10 рубльден (Шпедт бастаған салық жинаушылар өздеріне бір күндік жалақыны 10 рубльден қойған) төлейтін болған. Тізімдегі адамдардың ең байы Нүрке Жарасовтың 15 түйесі, 205 қойы, 2 аты, қалғандарының 3-10 түйесі, 1-2 аты, 20-50 қойы ғана болған (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 39-іс, 52-п.). Әлбетте, мүлік салығы деп аталатын салықтың бұл түрі халықты тонау мен тартып алудан еш айырмасы жоқ еді. Архив құжаттарының арасынан сіңірі шыққан кедей ауылдары туралы да деректер кездесті. 1918 жылы 20 наурызда мүлікті бағалау және есепке алу комиссиясы Головачаевск болысы № 9 ауылға келгенде ауылда ауқатты адамдар мүлде болмаған (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 39-іс, 43-п.). Ауыл тұрғындарының басым бөлігі күн көріс мақсатымен жан жаққа көшіп кеткен. Перовск уезінде барлығы 23 болыс, 186 ауыл болған (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 66-іс, 1-п.). Әрбір болыста мүлікті бағалау және есепке алу комиссиясы жұмыс жасап, бай, ауқатты қазақтарды анықтап, салықты үстемелеп салып отырған.

Ол жылдары қазақтардың көпшілігінің қолында ақша болмады, тек малдарын сатқанда ғана қолдарына ақша тиді. Тәркілеуден 10 жыл бұрын басталған Гержодтың басшылығымен ұйымдастырылған большевиктердің салық саясаты нағыз бандиттік, қарақшылық тонаудан еш айырмасы болған жоқ. Сыр өңірі қазақтары Гержод бейнесіндегі кеңестік биліктің тарапынан болып жатқан қысымнан құтылудың жолдарын іздеп, қазақтар ауылымен, тіпті бүкіл болыс халқы болып бір түнде қаша бастаған. Гержодтың басқа уездерге көшіп кеткен Сыр қазақтарының артынан қарулы отрядты жібергендігін архив құжаттарынан кездестіруге болады (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 42-іс, 144-п.).

Гержод 1918 жылы Қарсақбай-Атбасар қалаларына астық дайындау керуенін ұйымдастырып, оған керекті мал мен адам күшін Жөлек учаскесіне қарасты Сарысу аймағындағы қазақтардан күшпен тартып алған. Алғашқы кезде жергілікті халық өз еркімен түйе беруге үзілді-кесілді қарсы болған. 1918 жылы 27 маусымда уезд продотрядының бастығы «түйе жинау қиын болып отыр, себебі олар (қазақтар) көшіп кеткен. Түземдіктер түйелерін уақытша беруге үзілді-кесілді келіспейді. Әр түйеге 700-900 соммен ақша сұрағандығын» (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 15-іс, 3-п.) айтып совдепке хат жазды. Осы хаттан кейін Гержод күшпен 2000 түйе, жүздеген жылқы, арқан, қап, жолға керекті азық-түлікті тәркілеген. Керуеннің ауыр жұмыстарын атқаруға деп 320 қазақты күштеп аттандырған. Гержодтың осындай қысымына шыдамай, мал жинаудағы өктемдігіне наразылық білдірген уезд тұрғындары ТуркЦИКке бірнеше рет шағым жазған. Мысалы, 1919 жылы 24 шілдеде

Ташкентке жіберілген жеделхатта «... уезд өкілдері түйе мен жылқы тәркілеуді жиілетті. Қазақтар далаға, құм арасына көшіп кетуге мәжбүр болып жатыр. Салық жинау мүмкін емес» (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 66-іс, 1-п.).

Қызылорда облыстық архивінде Қарсақбай-Атбасар қалаларына астық керуенін жіберуге арналған кейбір құжаттар сақталған. 1918 жылдың 16 маусымында Герждодтың қол қоюымен Перовск қалалық милиция бастығына жазылған хатта керуеннің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін 32 күзетшіні дайындауға қатысты тапсырма берілген. Қаладағы көпшілік жерлерге хабарландыру ілініп, күзетшілер «тек қана орыстар мен татарлар болсын» деп жазылған. Күзетшілердің айлық жалақысы 300 сом және тамақпен қамтамасыз етілетін болған. Ал керуенді алып жүретін 320 қазақтардың әрқайсысына күніне 1 сом жалақы тағайындаған. Керуенді басқарып жүру және керуен үшін барлық жауапкершілік Гродеков (қазіргі Сұлутөбе ауылы) болысының қазағы Битуған Нұрымбетовке жүктеліп, оған айына 300 сом жалақы бекітілген (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 15-іс, 3-п.). Жұмысқа зорлықпен тартылған қазақтар мүмкіндігінше наразылық білдіріп, қашып кеткен жағдайлар да орын алған. Керуеннен қашып кеткендер кейіннен ұсталып, атылып кетті.

1917–1918 жылдың қысында Түркістан республикасының бүкіл аумағын қамтыған аштық басталды. Түркістан халқының 30 % аштықтан, суықтан қырылған. Бұл жайлы Георгий Сафаров «Зимой 1917–1918 года трупы умерших с голоду валялись всюду – на улицах новых городов, на железнодорожных станциях, на больших дорогах. Вот краткие, но красноречивые сообщения того времени; в селении Янги-Корган за одну неделю умерло от голода 35 человек. В селении Будал умерло голодной смертью за одну неделю 43 человека. В селении Буке за то же время умерло от голода 37 человек. В Семиречье голодные киргизы начинают поедать трупы умерших от голода» (Сафаров, 1996: 131), - деп жазды. 1919 жылы Түркістан республикасы әскери-революциялық кеңесінің төрағасы А.А. Казаков барлық облыс, уезд, қала және болыстық совдептерге аштыққа қарсы шұғыл шара қолдануды сұраған жеделхаты жіберілді (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 50-іс, 14-п.).

Сыр өңірінде басталған аштық пен індет халыққа ауыр соққы болып тиді. Перовск уезінде аштық басталды [3; 96]. Халықтың өзі аштықтан қырылып жатқанына қарамастан большевиктердің зорлауымен Арал балықшылары Ресейге балық жіберіп тұрды. Кезінде кеңестік идеологияның үстемдігі жағдайында В.И. Лениннің 1920 жылдың 25 желтоқсанында Арал балықшыларына жазған өтінішіне орай 1921 жылдың 5 сәуірінде аштыққа ұшыраған Поволжье халқына 14 вагон балық жібергенін мақтанышпен айтылып келді. Кейін де Ресейге бірнеше вагон балық жөнелтілген. Алайда сол жіберілген балықтар белгіленген орынға жетті ма? Бұл жөнінде Георгий Сафаров былай деп жазды: «В громадном количестве была заготовлена рыба из Аральского моря для вывоза в Россию. Но ввиду оренбургского фронта и отсутствия транспорта часть испорченной рыбы пришлось сжигать вместо топлива» (Сафаров, 1996: 155). Яғни, паровоздың пешіне отын орнына балық жағып отырған.

И. Герждод бастаған Перовск совдепі аштық мәселесін шешуге қатысты батыл қадамдарға барды. Арнайы азық-түлік комиссариаты, аштықпен күресу комитеттері құрылды. Ташкенттегі билікке жеделхаттар жіберіп, өтініштер мен қатынастар жазып, ақша мен қаражат сұрады. Әрбір болыс бойынша байлар мен ауқатты адамдардың тізімі жасалып, оларға салық салу, артық астықты тартып алу, саудагерлермен күрес және т.с.с. жұмыстар жүргізді. Десек те, И. Герждод бастаған топ аталмыш жұмыстарды Сыр өңірі қазақтарының жағдайын ойлап емес, уездегі еуропалықтардың, Перовск қаласында орналасқан №3 Сібір полкінің, темір жол, почта-телеграф, милиция, комиссариат қызметкерлерінің отбасылары мен өздері үшін жасады. Бұл жөнінде Г. Сафаровтың «Ясно, что все поступавшие хлебные грузы шли исключительно для распределения среди русского населения» (Сафаров, 1996: 132), - деген пікірімен келісуге болады. Жалпы алғанда ашаршылыққа ұшыраған, өлгендердің дені мұсылман халқы болды. Уездегі, өлкедегі еуропалықтар, орыстар әскери қызметте, темір жол, почта-телеграф, әкімшілік мекемелерінде жұмыс істеді. Сол жылдардағы тәртіп бойынша оларға азық-түлік карточкасы берілді. Сонымен қатар оларға жергілікті халықтарға күш көрсетіп, малын, дүниесін тартып алуға, тәркілеуге рұқсат болды. Егер де қазақтардың малына

салық салынбағанда, егіншілікпен айналыспайтын қазақтарға астық салығын салып қысым жасамағанда, халық аштық пен індеттен аз шығынмен шыққан болар еді. Астық салығын төлеу үшін қазақтар бар малын орыстарға астыққа айырбастауға мәжбүр болды. Қалыптасқан көшіп-қону үрдісі бұзылып, қазақтар қыстаулары мен жайлауларын тастап, Торғай мен Ақмола облыстарының кейбір жерлеріне көшті. Осы көшу кезінде жолда өлгендердің саны жөнінде деректер жоқ. Қарсақбай-Атбасарға 2000 түйеден тұратын 3 астық керуенінің жіберілетіні осы кезеңге жатты.

Айта кететін бір мәселе, И. Гержод славян тілдес халықтарға ерекше материалдық жағдайлар ғана емес, саяси жағынан да еркіндікті беріп қойды. Перовск уезінде мөрі, бұрыштық штамп бар бірнеше қоғамдық ұйымдар құрылды (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 51-іс, 88-п.). Құрамында бірде бір қазағы жоқ «Союз служащих в Перовском уездном продовольственном отделе», «Союз телеграфистов Перовского района», «Перовский районный союз конторских служащих», «Союз металлистов», «Союз служащих Перовского Казначейства», «Союз служащих земской больницы», «Союз кондукторов бригад отд. Перовска» және т.с.с. ұйымдар әртүрлі жеңілдіктер мен еркіндіктерді пайдаланып отырды.

И. Гержод уездегі барлық билікті бір уысында ұстап тұруға тырысты. Уезде болып жатқан әрбір іс-әрекет, алыс-беріс, кіріс-шығыс оның қырағы бақылауында еді. Барлық мекемелердегі штаттық қызметкерлер, тіпті күзетші, көше тазалаушыға дейін совдептің рұқсатымен жұмысқа алынып, жұмыстан шығарылатын болды. Қызметкерлерге жалақы төлеу, оны көтеру, түсіру, іссапар шығындары, салық мөлшері және т.б. тек совдеп шешті.

1918 жылдың желтоқсанында Гержод Перовск қалалық милицияның, қалалық шаруашылық бөлімінің басшыларына «Атқару комитетіне жеке адамдардан жеткен хабарлар бойынша 13 желтоқсанда Перовскіде цирк ашылыпты. Бұл жайлы маған хабарламадыңдар, аткомнан рұқсат сұрамадыңдар. Жұрттан келген хабарлардан естігенім – 1-қатар 10 сом, 2-қатар 8 сом, 3-қатар 6 сом және т.б. тұрады екен. Мұндай бағаны аткомсыз, қала мен уездің жоғарғы органның келісімінсіз кім қойды, кім бекітті? Дерек бүгін осы істі тексеріп, аткомға хабарлаңыз. Гержод» (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 18-іс, 156, 394-пп.), - деген хат жазды.

Скобелев (қазіргі Шиелі ауданы) қыстағының бір топ азаматтарының Мұсылмандардың жұмысшы одағын (арасында орыстар да бар) құрғанын естіген Гержод 1919 жылдың 15 қаңтарында Бәйгекұм учаскелік комиссары Кудряшовқа «Тез арада Скобелев қыстағына барып, кімнің тапсырмасымен, кімнің бастамасымен мұсылмандардың жұмысшы одағы ұйымдастырылып отыр, одақ қандай мақсатты көздейді? Рахат Тулешов, Аекенов, Кузьма Филипповский мен Әлиев деген күмәнді тұлғалардың одаққа қалай келгенін хабарлаңыз» деген хаты, ал 16 қаңтарда «В виду того, что во главе союза правит и среди его членов имеются темные личности и кулаки самочинную организацию не признавать» (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 18-іс, 394-п.), - деген хабарламасы жолданды.

Қаладағы әртүрлі мекеме басшылары совдепке хат жазып, тәркілеуге, тартып алуға қатысты қаулы, қарар, жарлықтарды шығартып алып отырды. Мысалы, азық-түлік комиссарының қол қоюымен Перовск совдепіне «Земствалық емханаға қарсы тұрған Сафы Ахметжановтың үйі қарап шыққан үйлердің ішінде азық-түлік бөлімі канцеляриясы үшін ыңғайлы болып отыр. Сол себептен де Ахметжановқа тиеселі үйді азық-түлік бөлімінің қарамағына беру туралы тиісті өкімді шығаруға қарсылық көрсетпеңіз» (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 18-іс, 156-п.), - деп қатынас хат жазған. Қатынас хаттың астында Гержодтың милиция басшысына «тексеріп, есеп берілсін» деген сөзі жазылды.

Гержод өз жұмыстары мен қылмыстарын әскерилер мен милиция қызметкерлерінің қолымен жасады. Оның орнына Перовск уездік милициясының бастығы Ж. Есенов қол қойған құжаттар аз емес. Мысалы, 1918 жылдың 3 қазанында Гержод А.Балтабаевтың жазу столын тәркілеп, большевиктер партиясына беруге ұсыныс айтса, Латиф Шарипов деген азаматтың шкафын тәркілеп, білім беру кеңесінің кеңсесіне (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 18-іс, 156-п.) өткізуге рұқсат берген. Ал орындаушы уездік милиция бастығы болды. Әлбетте, Гержодтың Перовскідегі шексіз билігі мен зұлымдығы ең алдымен жергілікті халыққа қарсы бағытталды. Сол жылдары тергеусіз, заңсыз, ешқандай айып тағылмай, «донос» арқылы жазықсыз

атылғандардың, түрмеге қамалғандардың саны көп болды. Қызылорда облыстық архивінде 1918-1920 жылдар аралығында Перовск түрмесіне қамалған, тұтқындалған адамдардың тізімі сақталған. Барлығы 10 тізімнен тұратын құжаттарда 266 адамның аты-жөндері, қашан, не үшін қамалғаны көрсетілді. Мысалы, 1-тізімде, Перовск түрмесінде жатқан, Перовск уезі халық сотының 1 учаскесіне қарайтын тұтқындардың тізімі – 20 адам.

2. Перовск түрмесінде жатқан, ревтрибуналға қарайтын тұтқындардың тізімі – 22 адам.

3. Перовск түрмесінде жатқан, мұсылман халық соттары бойынша тұтқындалғандардың тізімі – 21 адам.

4. Перовск түрмесінде жатқан, атқару комитеті бойынша тұтқындалғандардың тізімі – 20 адам.

5. Перовск түрмесінде жатқан, әскери-дала соты бойынша тұтқындалғандардың тізімі – 5 адам.

6. Перовск түрмесінде жатқан, Қазалы уезінің халық сотының 3 учаскесіне қарасты тұтқындалғандардың тізімі – 3 адам.

7. Перовск түрмесінде жатқан, Ақтөбе майданының әскери-дала соты бойынша тұтқындалғандардың тізімі – 8 адам.

8. Перовскінің жұмыспен тәрбиелеу үйінде жатқан тұтқындалғандардың тізімі – 71 адам.

Осы тізім бойынша тұтқындалғандардың ішінде Роджай Бәкіроғлы деген адам шпиондығы үшін деген күдікпен жатса, экспедицияға жолсерік болмағаны үшін, атақты ұрыларды жасырған үшін деген айыппен Тиыштыбай Жанбатыров, Исмаил Қолпанбаев, Исмаил Көшіков, Жетербай Мәселеев, Қиянбек Жұбанышев, Медер Құлбатыров, Ұшақбай Күнашаров тұтқындалып, істері әскери ревтрибуналға жіберілді.

9. Перовскінің тұтқын үйінде қамалып жатқандардың тізімі – 75 адам.

10. Бірқазан арығын қазып жатқан және қоғамдық жұмыстардағы тұтқындалғандардың тізімі – 21 адам. Барлығы – 266 адам (ҚОМА. 1-қ., 2-т., 43-іс, 5-15-пп.).

Жасалған тізімдерден байқағанымыз, тұтқындалғандардың біразы «ұрлық жасады», «саудагерлігі үшін», «қару сатқаны немесе сақтағаны үшін», соғыс шығыны салығынан қашқан қазақтар, қашып жүргендердің «аманат» үшін ұсталған туысқандары және т.б. айыппен отырды. Тұтқындалғандар арасында небәрі үйінде, ауласында жөндеу жұмыстарын жүргізгені үшін түрмеге жабылғандар да болды (Қоңыратбаев, 1991: 3). Әлбетте, табылған құжаттардан ату жазасына кесілгендердің тізімі табылмады. Себебі адамдарды қаланың сыртына апарып, ешбір құжатсыз, сот үкімісіз атып, көміп тастап отырған. 1919 жылғы Ташкентте болған «Осипов бүлігінен» кейін «Ташкенттен қалмайын дегендей-ақ, Герждод түрлі шағыммен һәм басқа жөнінен жатқан адамдарды шығарып алып, бытырлатып аттыра берген. Қаншама жаман болса да кісі өлтіруге қолы бармайтын қазақ мырзалар бұрын айтып тастаған сөздерінен тая алмай, ішінен қорықса да сыртқа шығарып сыр бермей, адамдарды атқызып тәуекел деп көз жұмып, Герждодпен бірге шабуылдай берген. Сөйтіп, абақтыда жатқандар бар, кейін ұсталып келгендер бар Ақмешітте 180-нен артық адам атылған.

Абақтыны ашып қойып адамды шұбыртып шығарып, қойдай қырғанның белгісі: атылғандардың ішінде төңкеріс жайын білетін, төңкеріске қарсы болудың не екенін түсінетін бір қазақ жоқ. Бұларды сұрап, тексеріп, хукім қылып, сол хукімді орынға келтіріп те атқан емес. ... Қысқасы, осы ретпен 200-ге жақын адам атылған. Ақмешітте төңкеріс дұшмандарын екенде шықпайтын, екі жүз төңкеріс дұшманы Ақмешіттің маңдайына симайтын сан екені анық», (Есенқарақызы, 2011: 169–170), - деп жазды Ескерген деген атпен «Ақжол» газетінің бетінде жарияланған мақаланың авторы. Адамдарды ешбір сотсыз, үкімсіз аттырып тастағаннан кейін енді оларды заңға туралап қою үшін жалған құжаттар жасап, ревтрибунал, әскери-далалық сот және төтенше тергеу комиссиясының қаулысымен құжаттап қойған. Бұл жөнінде Ескергеннің айтуы бойынша «... өліп қалған адамдарға сот жасалып, атылған уақыттың, айын, күнін салып, трибунал хукім жасаған. Сөйтіп, законға туралап атып, Ақмешіт хукіметі адамды қырып салып, алаңсыз отыра берген» (Есенқарақызы, 2011: 171).

Алайда, атылғандарға қатысты бірде бір құжат архивтерден табылмады. Өзінің қылмыстарын жасыру мақсатында Герждодтың құжаттарды жойып жіберуі де мүмкін.

Кейіннен Герждоттың ісін тексерген комиссия оның құжаттарды жойғандығына қатысты «Атқару комитетінің бұрынғы төрағасы И. Герждоттың кеңес құжаттарын жоюы бойынша ашылған №9-ы айыптау ісін» (Қоңыратбаев, 1993: 57). ревтрибуналға жіберген. Демек, Герждотты соттаған Ташкент ревтрибуналының құжаттары, яғни бірқатар шындықтың бетін ашатын құжаттар Ташкенттегі архивте бар болуы мүмкін. Ал оны зерттеу, жарыққа шығару, ғылыми айналымға енгізу алдағы уақыттың еншісінде.

Сонымен Герждоттың Перовскіні екі жыл уақыт жеке-дара басқарған жылдарында уезд халқына жасаған қылмыстары мен қиянаты онсыз да қайыршыланған қазақтардың өз үйлері мен дүние-мүліктерін тастап, босқыншылыққа ұшырауына алып келді. Герждоттың жүгенсіз іс-әрекеттерінен тұрғындарды қорқыныш пен үрей билегені соншалық, ешкім батылы жетіп оның іс-әрекеттеріне шағым жасай алмады (Қоңыратбаев, 1991: 3).

Әсіресе, 1917–1918 ж. қазақ жерін жайлаған аштық Түркістан Республикасының бүкіл аумағын қамтыған тұста И. Герждоттың жергілікті халыққа қысымы күшейе түседі. 1918 жылдың көктемінде Түркістан қаласының әскери революциялық кеңесінің төрағасы, Казаков барлық облыстарға, ауданға, қалалық және болыстық Совдептарға аштықпен күресу үшін жеделхат жолдайды. Бірақ бұл аштықпен күрес сол ашыққан халықтың иғына түскен ауыртпашылық еді. Ал 1919 жылы 24 шілдеде Ташкентте жіберілген жеделхатта уездік уәкілдердің үнемі жылқыларды талап ететіндігі, ал мүлікті мемлекет менжігі алу мен мал шаруашылығын тәркілеудің жиілеуі қазақтардың далаға жаппай қоныс аударғанына жол бергендігі ашық көрсетіледі. Большевиктер партиясының Орталық Комитетінің органы болған «Правда» газеті 1920 жылы 20 маусымда: «Перовскіде билігі шексіз Герждот отырды. Одан бүкіл халық - қырғыздар (қазақтар) ауа көшіп кетті. Бұл қоныс аудару кезінде миллионға жуық адам қайтыс болды». Шығын сандары шамадан тыс болуы мүмкін, бірақ мұндай қоныс аудару жағдайлары орын алды. 1919 жылға қарай Герждот аймақта әскери билікті едәуір күшейтті. Осы кезеңде қарулы отрядтардан басқа, оның жергілікті халықты қорқытып ұстаған құпия гвардиясы болды. Сол жылдың күзінде ол тіпті Түркістан Компартиясының VIII съезіне делегат болды» (Корнилов, 2012), - оның билікке келуінің астары құпия екендігін және оның жергілікті көрсеткен озбырлығын ашық жазды.

Сонымен қазан төңкерісінен кейінгі аласапыран тұстағы ауыс-түйіс кезеңінде өзін-өзі сайлап алған кеңес төрағасы болған «Герждоттың көптеген ауызша және жазылып қалған дерек көздерінде Перовск уездік депутаттар Кеңесін басқарған (1918–1919) екі жылға жуық мерзім ішінде көптеген адамдар жазықсыз атылып, атылмағаны Ақмола, Торғай, Арысқұм, Қарақұм өңірлеріне қашып бой тасалаған. Алғашқы күннен тұрғын халықтарды басып-жаншу, зорлық-зомбылық көрсетуден өз жұмысын бастаған. Перовскінің көзі ашық кісілері басы Р. Балтабаев болып Герждоттың іс-әрекетін баяндаған хатын Түркістан Республикасының Халық Комиссарлар Кеңесіне 1918 жылдың 20 мамырында Ташкентке жіберген. Осы хатта «...Төраға қызметіне кіріскенін Герждот уезд тұрғындарына 3 миллион сом салық салумен атап өтті. Герждоттың жанында өз қызметтерін ұсыну арқылы тұрғындардан не керектің бәрін қорқытып алатын бірнеше бас бұзар-тыңшылар әрекет етеді». Арыз-хат соңында: «...Сонымен қатар бұл шағымның жеке сипатта емес, тек терроршылар мен сатраптар, тұтқындалғаннан соң ғана өздерін атай алатын барлық жәбірленген тұрғындар атынан екенін баяндаймыз...», - деп жергілікті халықтың ашынған дауысы естіле бастайды (Дайрабай, 2007).

Герждоттың қылмысы Ташкенттегі Мұсбюроға да жетіп, 1919 жылы 20 шілдеде Герждот мәселесі бойынша арнайы мәжіліс ұйымдастырып, оны тұтқындау туралы шешім шығарды. Ал 1919 жылы 23 шілдеде Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы К. Сорокин республиканың Ішкі істер халық комиссарына жолдаған 1919 жылғы 23 шілдедегі №3604 бұйрығында Герждот ісі бойынша шұғыл түрде арнайы комиссия тағайындап, Перовскіге аттандыруды тапсырды (Жүсіп, 2015: 87).

1919 жылы 29 шілдеде құрамында Өлкелік партия комитетінің өкілі – Ж. Отарбаев, Мұсылман бюросының өкілі – И. Тоқтыбаев, Ішкі істер комиссариатының өкілі – Тайыров және т.б. бірнеше өкіл кірген Тексеру комиссиясы құрылды.

Тамыз айының басында Перовскіге келіп іске кіріскен комиссия алғашқы күннен бастап-ақ қатты қарсылыққа ұшырады. Комиссия төрағасы И. Тоқтыбаевтың жігерлілігінің арқасында ғана уезде орын алған толып жатқан қылмыстардың беті ашылды. Комиссия атынан

үкімет төрағасына жолдаған жеделхатында И. Тоқтыбаев Перовск кеңесін таратуды, уезд басшыларын қызметтерінен алып, сотқа тартуды өтінді. Комиссияның қорытынды пікірімен танысқан Халық комиссарлар Кеңесінің төрағасы К. Сорокин Ішкі істер комиссарына арналған 1919 жылғы 8 тамыздағы № 3994 бұйрығын жариялады. Бұйрықта Перовск кеңесінің төрағасы Гержодты тез арада тұтқындап, Ташкентке жеткізу, оны іске асыруды Перовскіде жүрген үкімет комиссиясына жүктеу тапсырылған (Жүсіп, 2015: 88–89).

К. Сорокиннің аталмыш бұйрығымен танысқан Гержод комиссия мүшелерінің мандаттарын жыртып, өздерін түрмеге жаппақ болды. И. Тоқтыбаев бастаған комиссия мүшелері өз бастарына қатер төнгендіктен бас сауғалап, қашуға мәжбүр болды.

Гержод өмір бойы Иса Тоқтыбаевқа деген өшпенділігін сақтап кеткен. Қанішер Гержодтың қанды қол шеңгелінен аман қалған И. Тоқтыбаев бәрібір НКВД-нің шеңгелінен құтыла алмады. 1933 жылы Ленинградта әскери академияда оқытушы болып жүрген кезінде әуелі 10 жылға сотталып, сегіз жыл түрмеде отырып шыққаннан кейін де тыныштық бермеді. Өмірінің соңына дейін Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің бақылауында болды (Жүсіп, 2015: 201).

Архивтен И. Тоқтыбаевтың 1958 жылы 16 мамырда өз қолымен жазылған түсініктемесі табылды (ҚОМА. 268-қ., 1а-т., 1281-іс, 11–12-пп.). Заман ағымына қарай жазылған түсініктемесінде халық бұқарасы мен партияның тұтастығын айта келе, мектепке бай-құлақ элементтерінің балаларын қабылдау және қазақ зиялыларын пайдалану мәселесіне қатысты үлкен қателік жібергендігін өкінішпен жеткізді. Түсініктемедегі сөз саптауына, мәселеге қатысты баяндауынан Исаның өте сауатты, білімді, зиялылығы байқалады. Оның кеңес үкіметінен көрген азаптарынның қаншалықты болғанын осы түсініктемеден-ақ аңғаруға болады.

МҚК қызметкерлері И. Тоқтыбаевты қайта-қайта шақырып, сөйлесіп отырған. Соған қарағанда оны кеңестік жүйенің неше түрлі зұлымдық істерін, нақты кейіпкерлерін ешкімге айтпауға, жазып қалдырмауға тиіс екендігін қадағалап отырған болуы мүмкін. И. Тоқтыбаевтың Гержодтың қаншалықты жауыз екендігін біле тұра ол жайлы жазбаша ешқандай естелік жазып қалдырмағандығы осының айғағы болса керек. Гержодтың қылмысын Иса Тоқтыбаевтан артық ешкім көрген де, білген де емес. Не де болса Тоқтыбаев бар құпияны өзімен бірге алып кетті.

Екі жыл аралығында жергілікті халықты қанқұйлы билігімен зар қақсатқан «өзін-өзі сайлап алып» билікке келген «И. Гержодтың Сыр бойы халқына жасаған зұлымдығы шектен шыққасын Ташкент совдепі 1919 жылы қараша айында әскер жіберіп оны тұтқынға алып, кейіннен 10 жылға соттайды. Гержодтың қандастарымызға қарсы жүргізген қанқұйлы саясатына нүкте қоюшылардың бірі – Алаштың арысы Тұрар Рысқұлов екенін айту парызымыз», - деп жазған зерттеуші Қали Омаровтың пікірімен толық келісуге болады (Омаров, 2013).

1920 жылдың 19 маусымында Перовск уезінің жұмысын тексеруге Москвадан арнайы шыққан, «Красный Восток» пойызының саяси комиссары Г. Сафаров «Колониальная революция (Опыт Туркестана)» атты кітабында: «Перовскіде Литва князьдерінің ұрпағы «жолдас» Гержотт отырды, кейіннен Түркістан майданының Революциялық әскери трибуналы мыңдаған және он мыңдаған қазақтардың өмірін қиған «өнерлері» үшін атуға тағайындалды» (Сафаров, 1921: 157), - деп жазды.

Осындай озбыр істеріне қарамастан Иосиф Гержод «Соңғы парад» деп аталатын естелік-қолжазбасында «...ақ гвардияшылар қастандығына қатысқан екі рысқұловшыл ағайынды Лапиндерді (үшінші бауыры, прапорщик, генерал Дутовқа қашып кетті), өзін хан деп жариялаған бандит Зарқұм Қуанышевті... т.б. атқаным үшін сотталдым... Бұл адамдардың барлығы да ЧК-ның тексеру комиссиясының қаулысы бойынша атылса да, кінәлі деп жалғыз мені таныды» (Омаров, 2013), - деп Сыр бойы халқының алдындағы кінәсін мойындаудан бас тартуының өзі оның жалпы кісілік пен тұлғалық бейнесін аша түсері анық.

Қорытынды

Төңкерістен кейінгі Түркістан өлкесіндегі қалыптасқан саяси жағдайды бағамдау үшін «Гержод ісі» деген істі ауқымды түрде зерттеген дұрыс. «Гержод ісі» - Отандық тарихтағы ашылмаған «ақтаңдақтардың» бірі әрі бірегейі. Гержод мысалында Қазақстанның басқа аймақтарындағы саяси ахуалды түсінуге және кеңестік биліктің жергілікті халыққа деген отаршылдық, шовинистік көзқарасы негізіндегі асыра сілтеулерін анықтауға мүмкіндік бар.

Перовскіні небәрі екі жыл басқарған жылдарында Гержод Сыр елінде «қызыл террор» ұйымдастырып, қарсы келгендерін ату, жазалау шаралары арқылы басып отырды. Гержодтың жасаған қылмыстары халық аузында жыр болып айтылып, естеліктермен қалғаны белгілі. Оның қулығы мен айлакерлігі сонда, артында ешбір құжат қалдырмауға тырысқан. Дегенмен де, барлық құжаттарды жойып жібере алмаған. Архивтен табылған құжаттарда Перовск түрмесіне қамалған адамдардың басым бөлігі қазақтар екендігін байқауға болады. Олар негізінен мал ұрлағаны үшін қамалғандар болса, бір-екі орыс ұлтының өкілдері сыра қайнатқаны үшін қамалған екен.

Шексіз билікті қолына алған Гержод «бөліп ал да, билей бер» принципін басшылыққа алып, қазақтарға заңсыз қиянат жасап, өзіне жақпағандарды түрмеге қамап, не атып тастап отырған. Гержодтың жазадан құтылып кетуінің астарында да үлкен сыр жатқан секілді. Себебі «Гержод тағылымы» арқылы болашақта қазақ халқына қарсы террордың тәжірибесі сынақтан өткізіліп, Голощекиннің бейнесіндегі 2-ші Гержод қазақ даласына жіберілді.

Уезд халқына қарсы жүргізілген жаппай террор, бір ғана адамның шексіз билігін дәлелдейтін естеліктер мен жазбаларды, яғни большевиктердің имиджіне нұсқан келетін тарихи құжаттардың бірқатары билік тарапынан жойып жіберілді немесе құпия ұсталды. Гержодпен қызметтес болғандардың бірқатары 1938 жылы халық жауы ретінде атылды.

Демек, «Гержод ісінен» қандай пайым жасауға болады? деген сұраққа, өлкедегі халықтың басым бөлігі автохтонды халықтың өкілі болып келетін қазақ жерін басқару қазақсыз жүргізілді. Нәтижесінде қазақ даласындағы 1918–1921 жж, 1931–1933 жж. ашаршылық орын алып, қазақ босқыншылыққа ұшырады.

Дереккөздер

ҚОМА — Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві

Sources

SAKR — State Archive of the Kyzylorda Region

Әдебиеттер тізімі

- Аяған, 2007 — *Аяған Б.* Гержодтың ақырғы жорығы // Егемен Қазақстан. 2007. 28 қараша. 11 б.
- Дайрабай, 2009 — *Дайрабай Т.* Тұғырлы тұлғалар. Астана: Фолиант, 2009. 352 б.
- Дайрабай, 2007 — *Дайрабай Т.* Гержод ылаңы, 2007. // URL: <https://turkystan.kz/article/50893-gerzhod-yla-y>. [қаралған күні: 25.10.2024]
- Есенқарақызы, 2011 — *Есенқарақызы Х.* Ақ жол. Алматы, 2011. 1 кітап. Б. 163–173.
- Жүсіп, 2009 — *Жүсіп С.* Қанішер Гержодтың қолжазбасы. Қызылорда: Абди, 2009. 220 б.
- Жүсіп, 2015 — *Жүсіп С.* Қанішер Гержодтың ізімен Алматы: Курсив, 2015. 360 б.
- Корнилов, 2012 — Корнилов И. Иосиф Гержод – «красный самодержец» Кызыл-Орды (история) // URL: <https://centrasia.org/newsA.php?st=1336286700> [қаралған күні: 04.11.2024]
- Қоңыратбаев, 1991 — *Қоңыратбаев О.* Гержод деген кім? // Социалистік Қазақстан. 1991. № 98–99. 3 б.
- Қоңыратбаев, 1991 — *Қоңыратбаев О.* Гержодтың озбырлығына қарсы жазылған шағымдар // Социалистік Қазақстан, 1991. № 98–99. 3 б.
- Қоңыратбаев, 1993 — *Қоңыратбаев О.* Төңкеріс тудырған қаніпезер // Жалын, 1993. № 2. 57 б.
- Омаров, 2013 — *Омаров Қ.* Зарқұм // URL: <https://old.syrboyi.kz/tagilim/838-zarm.html> [қаралған күні: 25.10.2024]
- Сафаров, 1996 — *Сафаров Г.* Колониальная революция (опыт Туркестана). Алматы: Жалын, 1996. 272 с.
- Тұрсұн, Қабыл, 2022 — *Тұрсұн Х., Қабыл А.* Серікұл Алдабергеновтің алаштық идеядан басталып, ауақөшумен аяқталған қызметінің архивтік деректері // Ясауи университетінің хабаршысы, 2022. № 4(126). Б. 389–402. // URL: <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.34>
- Усербаев, т.д., 1957 — *Усербаев Б., Козут М., Панкова М.* Борьба за Советскую власть. Кызыл-Орда, 1957. 175 с.

Чокай-оглы, 1993 — *Чокай-оглы М.* Туркестан под властью Советов Алматы: Айқап, 1993. 160 с.
 Шоқай, 1992 — *Шоқай М.* Түркістанның қилы тағдыры. Алматы: Жалын, 1992. 159 б.

References

- Aiağan, 2007 — *Aiağan B.* Gerjodtyñ aqyrғы joryғы [Gerzhod's final campaign] // Egemen Qazaqstan, 2007. 11 p. (In Kaz.).
- Chokai-ogly, 1993 — *Chokai-ogly M.* Turkestan pod vlästä Sovetov [Turkestan under Soviet control]. Almaty: Aiqap, 1993. 160 p. (In Russ.).
- Dairabai, 2007 — *Dairabai T.* Gerjod ylañy [Gerzhod's riot] // URL: <https://turkystan.kz/article/50893-gerzhod-yla-y> [qaralğan kunı: 25.10.2024] (In Kaz.).
- Dairabai, 2009 — *Dairabai T.* Tūğyrly tūlğalar. [Outstanding figure] Astana: Foliant, 2009. 352 p. (In Kaz.).
- Esenqaraqyzy, 2011 — *Esenqaraqyzy H.* Aq jol. [Akjol]. Almaty, 2011. 1 kitap. Pp. 163–173. (In Kaz.).
- Jüsip, 2009 — *Jüsip S.* Qanışer Gerjodtyñ qoljazbası. [Manuscripts of the murderer Gerzhod]. Qyzylorda: Abdi, 2009. 220 p. (In Kaz.).
- Jüsip, 2015 — *Jüsip S.* Qanışer Gerjodtyñ ızımen. [Following murderer Gerzhod]. Almaty: Kursiv, 2015. 360 p. (In Kaz.).
- Kornilov, 2012 — *Kornilov İ.* İosif Gerjod – “krasnyi samoderjes” Kzyl-Ordy (istoria) [Iosif Gerzhod-the red autocrat] // URL: <https://centrasia.org/newsA.php?st=1336286700> [qaralğan kunı: 25.10.2024]. (In Russ.).
- Omarov, 2013 — *Omarov Q.* Zarqūm. [Zarkum], 2013. // URL: <https://old.syrboyi.kz/tagilim/838-zarm.html> [qaralğan kunı: 25.10.2024]. (In Kaz.).
- Qoñyratbaev, 1991 — *Qoñyratbaev O.* Gerjod degen kım? [Who is Gerzhod?] // Sosialistik Qazaqstan, 1991. No. 98–99. 3 p. (In Kaz.).
- Qoñyratbaev, 1991 — *Qoñyratbaev O.* Gerjodtyñ ozbyrlyğyna qarsy jazylğan şağymdar. [Written complaints against Gerzhod's tyranny] // Sosialistik Qazaqstan, 1991. No. 98–99. 3 p. (In Kaz.).
- Qoñyratbaev, 1993 — *Qoñyratbaev O.* Tōñkeris tudyrgan qanıpezer. [Blood path] // Jalyn. 1993. No. 2. 57 p. (In Kaz.).
- Safarov, 1996 — *Safarov G.* Koloniālnaia revolüsia (opyt Turkestana). [Colonial Revolution] (Turkestan s case) Almaty: Jalyn, 1996. 272 p. (In Russ.).
- Şoqai, 1992 — *Şoqai M.* Tūrкіstannyñ qily tağdyry. [The fate of Turkestan] Almaty: Jalyn, 1992. 159 p. (In Kaz.).
- Türsün, Qabył, 2022 — *Türsün H., Qabył A.* Seriqūl Aldabergenovtıñ alaştıq ideıadan bastalyp, auakōşumen aiaqtalğan qyzmetınıñ arhivтік derekterı. [Archive data of Serikul Aldabergenov s activities from Alash ideas to political exile] // İsaui universitetiniñ habarşysy. – 2022. No. 4(126). Pp. 389–402. URL: <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.34> (In Kaz.).
- Userbaev, et. al, 1957 — *Userbaev B., Kogut M., Pankova M.* Börba za Sovetskuii vläst. [Struggle for Soviet power]. Kyzyl-Orda, 1957. 175 p. (In Russ.).

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Алпысбес М.А.	
ШҮРШТҚЫРЫЛҒАН ШАЙҚАСЫ ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫСЫНДА.....	327
Ногайбаева М.С., Шакирбаева И.Т.	
КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	343

ТАРИХ

Адилова Ф.А., Колумбаева З.Е., Серубаева А.Т.	
ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҚАРҚАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫНДАҒЫ	
ДІН МӘСЕЛЕСІ (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы).....	356
Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р.	
ГЕРЖОД ІСІ: АШЫЛМАҒАН АҚИҚАТ.....	367
Алпыспаева Г.А., Жұман Г., Аубакирова Х.А.	
XX ҒАСЫРДЫҢ 50–80-ші ЖЖ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕКТЕП БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДІНГЕ ҚАРСЫ	
ТӘРБИЕ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	382
Бекмағамбетова М.Ж., Бекмағамбетов Р.К., Бимолданова А.А.	
1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ	
МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ «ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАТЕЛІКТЕР».....	399
Белялова А., Қаипбаева А.Т.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ЭТНИКАЛЫҚ	
ТОПТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ (1931–1933 жж.).....	415
Дүйсембаева Н.Б., Жұматай С.	
XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ «МАМАНИЯ» МЕКТЕБІНІҢ ОРНЫ.....	427
Жолсеитова М.А.	
ОТАРЛЫҚ БІЛІК КОНТЕКСТІНДЕГІ МҰСЫЛМАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ:	
САЯСИ СТРАТЕГИЯЛАР МЕН ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДИСКУРСЫҢ ҒЫЛЫМИ ТАЛДАУЫ.....	442
Қаипбаева А.Т., Әбікей А.М.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1931–1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАППАЙ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНЕ	
ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....	456
Легкий Д.М., Турежанова С.А., Нурушева Г.К.	
ҚАЗАҚ КСР-ІНДЕГІ МҰҒАЛІМДЕР ДАЯРЛАУ	
ТАРИХЫНАН (1950 ЖЫЛДАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	471
Мәлікова С.З., Абуов Н.А.	
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АШТЫҚ ТАРИХЫ.....	488
Мұқанова Г.Қ., Ахметжанова А.Т.	
ДАЛА ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ҮЕЗДІК БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ НАРАЗЫЛЫҚ	
ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ. XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ.....	501
Мұхатова О.Х.	
АШТЫҚ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОРҒАНСЫЗ БАЛАЛАР ЖАҒДАЙЫ.....	516
Сағнайқызы С., Сартаев С.А., Нусупбаева С.А.	
ТҰРАҚТЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕТ ДАЙЫНДАУ МЕН ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА	
ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ (1927–1932).....	531
Сүлейменова Қ., Дауытбекова М.Қ., Құрманалина Н.Н.	
ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ОРНЫ (XVIII ғ.).....	543
Хайдаров Е.Е.	
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ	
ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҒЫ (1928–1932 жж.).....	559
Эгамбердиев М.Ш., Тургунбаев Е.М.	
ИМПЕРИЯЛЫҚ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ДІНИ	
ТРАНСФОРМАЦИЯ.....	575

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Нұрланқызы Г., Бекназаров Р.А.	
АҚТӨБЕ – ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚАЛА (1869–1946 ЖЖ.): ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	589
Хабибуллин Е.И., Асылғожин А.Р., Рыскильдин А.Х.	
ГЕНЕТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР БОЙЫНША БАШҚҰРТТАРДЫҢ ҚЫПШАҚ ЖӘНЕ	
ТУЫСҚАН РУЛАРЫ (ТАЙПАЛАРЫ).....	603

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Алпысбес М.А. БИТВА ШУРШУТКЫРЫЛГАН В ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ НАРОДА.....	327
Ногайбаева М.С., Шакирбаева И.Т. ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНОГО СТАТУСА В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ ПОЗДНЕГО СРЕДНЕВЕКОВЬЯ...	343

ИСТОРИЯ

Адилова Ф.А., Колумбаева З.Е., Серубаева А.Т. РЕЛИГИОЗНЫЙ ВОПРОС В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В КАРКАРАЛИНСКОЙ ПЕТИЦИИ (конец XIX – начало XX вв.).....	356
Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р. ДЕЛО ГЕРЖОДА: НЕРАСКРЫТАЯ ПРАВДА.....	367
Алпыспаева Г.А., Жуман Г., Аубакирова Х.А. АНТИРЕЛИГИОЗНОЕ ВОСПИТАНИЕ В СИСТЕМЕ ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА В 50–80-Е ГГ. XX ВЕКА: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	382
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К., Бимоланова А.А. «ИДЕОЛОГИЧЕСКИЕ ОШИБКИ» В ШКОЛЬНЫХ УЧЕБНИКАХ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ В 1950-Е ГОДЫ.....	399
Беялова А., Каипбаева А.Т. ПОЛОЖЕНИЕ ЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП В КАЗАХСТАНЕ В ГОДЫ ГОЛОДА (1931–1933 гг.).....	415
Дуйсембаева Н.Б., Жуматай С. МЕСТО ШКОЛЫ «МАМАНИЯ» В ОБРАЗОВАНИИ НАЧАЛА XX ВЕКА.....	427
Жолсеитова М.А. МУСУЛЬМАНСКАЯ СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ КОЛОНИАЛЬНОЙ ВЛАСТИ: НАУЧНЫЙ АНАЛИЗ ПОЛИТИЧЕСКИХ СТРАТЕГИЙ И ИДЕОЛОГИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....	442
Каипбаева А.Т., Абиkey А.М. ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР ПРОБЛЕМЫ МАССОВОГО ГОЛОДА 1931–1933 ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	456
Легкий Д.М., Турежанова С.А., Нурушева Г.К. ИЗ ИСТОРИИ ПОДГОТОВКИ УЧИТЕЛЬСКИХ КАДРОВ В КАЗАХСКОЙ ССР (ПЕР. ПОЛ. 1950-Х ГГ.).....	471
Маликова С.З., Абуов Н.А. ИСТОРИЯ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И ГОЛОДА В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ.....	488
Муканова Г.К., Ахметжанова А.Т. ПРОТЕСТНЫЕ ПУБЛИКАЦИИ КАЗАХСКИХ ИНТЕЛЛЕКТУАЛОВОБ УЕЗДНОМ УПРАВЛЕНИИ СТЕПНЫХ ОБЛАСТЕЙ. РУБЕЖ XIX–XX ВЕКОВ.....	501
Мухатова О.Х. ПОЛОЖЕНИЕ БЕСПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ В ГОДЫ ГОЛОДА.....	516
Сагынайкызы С., Сартаев С.А., Нусупбаева С.А. УСТОЙЧИВОЕ СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО: СВЯЗЬ МЕЖДУ ЗАГОТОВКОЙ МЯСА И ПРИНЦИПАМИ ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКИ В КАЗАХСТАНЕ (1927–1932).....	531
Сулейменова К., Дауытбекова М.К., Курманалина Н.Н. РОЛЬ КАЗАХСКИХ БАТЫРОВ В ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЯХ (XVIII В.).....	543
Хайдаров Е.Е. КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ И НАРОДНЫЕ ПРОТЕСТЫ В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (1928–1932 гг.).....	559
Эгамбердиев М.Ш., Тургунбаев Е.М. РЕЛИГИОЗНАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ В УСЛОВИЯХ ИМПЕРСКОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ.....	575

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Нурлановна Г., Бекназаров Р.А. АКТОБЕ – ПОЛИЭТНИЧЕСКИЙ ГОРОД (1869–1946): ИСТОРИКО-ЭТНОГРАФИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ.....	589
Хабибуллин Е.И., Асылгужин А.Р., Рыскильдин А.Х. КИПЧАКСКИЕ И СВЯЗАННЫЕ С НИМИ КЛАНЫ (ПЛЕМЕНА) БАШКИР ПО ДАННЫМ ГЕНЕТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ.....	603

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Alpysbes M.A. THE BATTLE OF THE SHURSHITQYRYLGAN IN THE HISTORICAL MEMORY OF THE PEOPLE.....	327
Nogaybayeva M.S., Shakirbayeva I.T. PROBLEMS OF SOCIAL STATUS IN LATE MEDIEVAL KAZAKH SOCIETY.....	343

HISTORY

Adilova F.A., Kolumbaeva Z.E., Serubayeva A.T. THE PROBLEM OF RELIGION THE KARKARALIN PETITION IN THE KAZAK STEPPE (late XIX-early XX th centuries).....	356
Azirbekova A.J., Abisheva J.R. GERZHOD'S CASE: THE UNREVEALED TRUTH.....	367
Alpyspaeva G., Zhuman G., Aubakirova H. ANTIRELIGIOUS UPBRINGING IN THE SCHOOL EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN IN THE 1950–1980s OF THE 20th CENTURY: HISTORICAL ANALYSIS.....	382
Bekmagambetova M.Zh., Bekmagambetov R.K., Bimolanova A.A. “IDEOLOGICAL MISTAKES” IN SCHOOL TEXTBOOKS OF KAZAKH LITERATURE IN THE 1950S.....	399
Belyalova A., Kaipbayeva A.T. THE SITUATION OF ETHNIC GROUPS IN KAZAKHSTAN DURING THE FAMINE (1931–1933).....	415
Duisembayeva N.B., Zhumatay S. THE PLACE OF THE “MAMANIYA” SCHOOL IN EDUCATION IN THE EARLY XX CENTURY.....	427
Zholseitova M. MUSLIM EDUCATION SYSTEM IN THE CONTEXT OF COLONIAL POWER: A SCIENTIFIC ANALYSIS OF POLITICAL STRATEGIES AND IDEOLOGICAL DISCOURSE.....	442
Kaipbayeva A.T., Abikey A.M. HISTORIOGRAPHICAL REVIEW OF THE PROBLEM OF MASS FAMINE IN 1931–1933 IN KAZAKHSTAN.....	456
Legkiy D.M., Nurusheva G.K., Turezhanova S.A. FROM THE HISTORY OF TRAINING TEACHERS IN THE KAZAKH SSR.....	471
Malikova S.Z., Abuov N.A. HISTORY OF COLLECTIVIZATION AND FAMINE IN NORTHERN KAZAKHSTAN.....	488
Mukanova G.K., Akhmetzhanova A.T. PROTEST PUBLICATIONS OF THE KAZAKH INTELLECTUALS ABOUT THE DISTRICT ADMINISTRATION OF THE STEPPE REGIONS. THE TURN OF THE XIX–XX CENTURIES.....	501
Mukhatova O.Kh. THE SITUATION OF STREET CHILDREN DURING THE YEARS OF FAMINE.....	516
Sagnaikyzy S., Sartaev S.A., Nusupbaeva S.A. SUSTAINABLE FARMING: LINKS BETWEEN MEAT PROCUREMENT AND GREEN ECONOMY PRINCIPLES IN KAZAKHSTAN (1927–1932).....	531
Suleimenova K., Dautbekova M.K., Kurmanalina N.N. THE ROLE OF KAZAKH BATYRS IN DIPLOMATIC RELATIONS (XVIII CENTURY).....	543
Khaidarov E.E. COLLECTIVIZATION AND POPULAR PROTESTS IN THE WEST KAZAKHSTAN REGION (1928–1932).....	559
Egamberdiyev M.Sh., Turgunbayev Ye.M. RELIGIOUS TRANSFORMATION IN KAZAKH SOCIETY UNDER IMPERIAL MODERNIZATION.....	575

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Nurlanovna G., Beknazarov R.A. AKTOBE – A POLY-ETHNIC CITY (1869–1946): HISTORICAL AND ETHNOGRAPHIC STUDY.....	589
Khabibullin E., Asylguzhin A., Ryskildin A. KIPCHAK AND RELATED CLANS (TRIBES) OF THE BASHKIRS ACCORDING TO GENETIC RESEARCH DATA.....	603

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2025. 12 (2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Копеева С.Ж.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй